

Г.Ә. Сәрсеке<sup>1\*</sup>, Ж.Қ. Сентірбек<sup>1</sup>

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-nouma: \*sarseke\_ga@enu.kz)*

## Ер мен әйел әңгімелесулеріндегі сөзді бөлу құбылысы: қазақ тілді подкастар негізінде

Кейінгі жылдары коммуникациядағы үстемдік тақырыбы әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің өзекті мәселесі ретінде қарастырылуда, өйткені бұл — сөйлеу мінез-құлқының сценарийлерін анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Қоғамда сөйлеу мінез-құлқының гендерлік стереотиптермен тікелей байланысы бар, сондықтан әңгімелесудегі үстемдіктің де гендерлік негізі бар. Аталмыш мақалада әңгімелесу барысында қай жыныстың үстемдік ететіні, үстемдігін көрсетуде қандай тәсілдер қолданатыны, соның ішінде сөзді бөлудегі ерекшеліктеріне қатысты мәселелер қамтылған. Зерттеу мақсаты — қазақ тілді подкастар негізінде ер мен әйел әңгімелесулеріндегі сөзді бөлу құбылысын талдау. Зерттеудің нысаны — қазақша ауызекі сөйлеу тіліндегі ерлер мен әйелдердің сөзді бөлу құбылысының көріністері. Зерттеу материалы — авторлар транскрипциялаған әлеуметтік желідегі қазақ тілді подкастардың жазбалары. Зерттеуде, алдымен, тіл біліміндегі сөзді бөлу құбылысына қатысты ғылыми зерттеу тұжырымдарына сараптамалық шолу жасалды. Қазақ тілді ер мен әйел әңгімелесулеріндегі сөзді бөлу құбылысының өзіндік ерекшеліктері айқындалды: әйелдерге қарағанда ерлердің сөзді жиі бөлетіні анықталды; сөзді бөлуде ерлердің үстемдігі және сөйлеу барысын бақылауы айқын екені дәлелденді; ер мен әйелдің сөзді бөлудегі мақсаттары әртүрлі екені айқындалды; қазақ сөйлеуінде сөзді бөлудің ұлттың мәдениетімен де байланысы негізделді.

*Кілт сөздер:* тіл және гендер, ер тілі, әйел тілі, сөзді бөлу, қабаттасу, әңгімелесу, доминанттылық.

### *Kipicne*

XX ғасырда әлеуметтік лингвистикалық зерттеулерде ер және әйел әңгімелесулеріне және екі жыныс өкілдерінің сөйлесу айырмашылықтарына назар аударыла бастады. Зерттеулердің басым бөлігі «Билік үшін күрес» тақырыбында жүргізілді, яғни «Ер мен әйел әңгімелесуде үстемдік үшін бәсекелеседі ме?» деген сұраққа жауап іздеді. Бұл сұраққа жауап одан да маңызды «Ерлер әңгімелесуде үлкен күшке ие бола ма?» деген мәселеге әкелді. Осы мәселені 1970 жылдардан бастап әртүрлі зерттеушілер қайталап көтерді. Зерттеулер нәтижелері күрделене түскендіктен, лингвистер ерлер мен әйелдер арасындағы әңгімелесулерде сөзді бөлудің пайда болу себептеріне назар аудара бастады. Әр жыныс екінші бір жыныстың сөзін жиі бөлетініне шағымданғандықтан, сөзді бөлудің нақты себепкері кім екендігіне түсініктеме көпке дейін болған жоқ. Шын мәнінде, ерлер мен әйелдер арасындағы әңгімелесулерде қай жыныс өкілінің сөзді жиі бөлетіндігі және оған не себеп екендігі әлі анықталмады. Дегенмен зерттеушілер өз зерттеулері шеңберінде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді. Сөзді бөлу құбылысы алғаш зерттеле бастағанда сөзді бөлудің дәйекті анықтамасы да болмаған. Осылайша, әңгімелесудегі гендерлік рөлге көшпестен бұрын, зерттеушілер алдымен сөзді бөлудің не екенін және оның не үшін пайда болатынын зерттеуі керек болды.

Гендер лингвистикасы саласындағы зерттеулерден ер мен әйелдің, ер мен ердің және әйел мен әйелдің әңгімелесулері кезіндегі сөзді бөлуге қатысты үш түрлі пікір ұстанымын байқаймыз. Біріншісі «басымдық және бағыныштылық» деп аталады. Бұл көзқарасты жақтаушылар қатарында Д. Циммерман, К. Уэст және Р. Лакофф бар. Д. Циммерман мен К. Уэст ер мен әйел, ер мен ер, әйел мен әйел арасындағы әңгімелесулерді талдай отырып, әңгімелесулер барысындағы ерлердің үстемдігін анықтайды [1]. Зерттеуге он (10) ер мен ер, он (10) әйел мен әйел және он бір (11) ер мен әйел арасындағы әңгімелесулер алынған. Зерттеу нәтижесінде ерлердің сөзді жиі бөлетіндігі анықталған, әсіресе, ер мен әйел арасындағы әңгімелесулерде ерлер жиі бөлген. Нақтырақ айтқанда, ер мен әйел арасындағы әңгімелесулерден 48 сөзді бөлу фактісі тіркелген, соның 46 жағдайында сөзді ерлер бөлген. Ғалымдар зерттеу нәтижесінде ерлер сөйлеп тұрған адамды тоқтату үшін және әңгімені бақылауда ұстау үшін сөзді жиі бөледі деген қорытындыға келеді [1; 125]. Мұны әйелдер мен ерлер

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [sarseke\\_ga@enu.kz](mailto:sarseke_ga@enu.kz)

арасындағы әңгімелесулерде олар бір-біріне тең емес, ерлер басымдықта болатындығымен түсіндіреді. Демек, зерттеу авторлары сөзді бөлуді әңгімелесу барысындағы «билік және бақылауды» көрсетудің құралы ретінде қарастырады. Р. Лакофф өз зерттеуінде ерлердің әңгімелесуді басқаруының үш түрлі әдісіне тоқталады [2]. Олар: сөзді бөлу, әңгімелесу тақырыбын бақылау және елеу немесе жауап бермеу. Осы үшеуінің ішінде бәрінен жаманы — жауаптың болмауы. Сөзді бөлу сөйлеп тұрған адамға қаншалықты жағымсыз әсер етсе де, ол сөзді бөлушінің әңгімені тыңдап отырғанын білдіреді, ал жауап бермеу немесе елеу мүлде тыңдамай отырғанын немесе оны маңызды санамайтындығын көрсетеді. Р. Лакоффтың пікірінше, сөзді бөлу әйелдердің әңгімелесу барысындағы әлсіздігін білдіреді [2; 28]. Осыған ұқсас пікірді П. Эскерт пен С. МакКоннел-Джинеттің «Тіл және жыныс» еңбегінен де көруге болады [3]. Ғалымдар сөзді бөлуші кей жағдайда өз үстемдігін көрсету мақсатында да сөзді бөлетіндігін айтады. П. Эскерт пен С. МакКоннел-Джинет басқалардың сөзін бөлуге бейім адамдарды үнемі «күшті» деп санауға болмайды, «бірақ олар өздері сөздерін бөлген адамдарды уақытша болса да дәрменсіз етеді» деп түйіндейді [3; 114]. Орыс тіл білімінде де осыған ұқсас зерттеулер бар және ол зерттеушілердің ұстанған ұстанымдары біз сипаттап отырған пікірлерге ұқсас келеді. Мәселен, А.Ю. Беляева ерлер мен әйелдердің ауызекі сөйлеулерін таспаға жазып алған жазбаларын декодтауға негізделген зерттеуінде ер адамдар әйелдерге қарағанда әңгімелесушінің сөзін бөлуге бейім екенін анықтаған [4]. Автор бұл құбылысқа былайша түсініктеме береді: «Әңгімелесу барысында ер адамдар бәсекелестік тактикасын ұстанады, әңгімелесуде олар жетекші орынға ұмтылады. Өзінің көшбасшылығын көрсету үшін «сөзді бөлуге» «сөзді бөлумен» жауап береді және көшбасшы болу үшін бірінші сөйлеуге тырысып, әйелдердің сөзін жиі бөледі» [4; 177]. Керісінше, әйелдер арасындағы өзара әңгімелесулерде сөзді бөлу аз кездеседі. Мұның себебін А.Ю. Беляева сөзді бөлуді әйелдер ерлерге қарағанда жеңіл қабылдайтындығымен түсіндіреді. Сондай-ақ «әйелдер өзінің әңгімесі үзіліп қалатынын білсе де, сөзді бөлушіге мүмкіндік береді» [4; 177]. И. Грошев сөзді бөлу құбылысын психологиялық тұрғыдан түсіндіреді. Оның ойынша, сөзді жиі бөлу — адамның басқа адамдардың көңілін өзіне аударудың, өзін тыңдатудың бір жолы. Сонымен қатар автор сөзді бөлу ер мен әйел арасындағы әңгімелесуде жиі кездесетініне және көп жағдайда ерлер басым рөлде болып, сөзді жиі бөлетініне назар аудартады [5; 272].

Екінші пікір ұстанымына сөзді бөлуді «ережені бұзу факторы» ретінде қарастыру негіз болады. Бұл көзқарас алғаш Х. Сакс, Э. Шеглофф және Г. Джефферсонның «Әңгімелесуде сөйлеу кезегін ұйымдастырудың қарапайым жүйесі» еңбегінде жарияланды [6]. Ғалымдар кезекпен сөйлесудің үлгісі «бір тараптың бір уақытта сөйлеуі» және «сөйлеушілер кезегінің ауысып отыруы» деп көрсетеді. Ал сөзді бөлу осы үлгінің сақталмауынан, яғни әңгімеге қатысушы әр тараптың өз кезегін сақтамай, қарама-қарсы тараптың құқығын бұзуынан болады [6; 699]. Осыған ұқсас пікірді Л.А. Ливигстон, У. Флауерс, В.А. Холдер және В.П. Райан зерттеуінен кездестіреміз [7]. Ғалымдар әңгімелесуде кезек сақтау бұл сөзді қашан бастап, қашан аяқтау керектігін білу, сонымен қатар басқаларға да осылай жасауға мүмкіндік беру деп таниды. Сөзді бөлу бұл осы кезектің сәтсіз орындалуы болады, соның нәтижесінде әңгімелесудегі барлық жүйе бұзылады [7; 242]. Д. Джеймс пен С. Кларк тіл мен гендер тақырыбы аясында 1965 жылдан 1991 жылға дейін жасалған зерттеулерге талдау жасайды [8]. Ғалымдар «сөзді бөлу әртүрлі контексте әртүрлі қызмет атқарады ма?» және «әңгімелесуде ерлер әйелдерге қарағанда сөзді жиі бөледі ме?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Ең алдымен, Д. Джеймс пен С. Кларк сөзді бөлуді үстемдікті білдіретін жағымсыз әрекет деп көрсететін пікірге қарсы шығады. Авторлардың пікірінше, сөзді бөлу — қалыпты әңгіме барысынан ауытқу [8; 238]. Сонымен қатар сөзді бөлуді зерттегенде оның қолданылған мақсатын білу аса маңызды. Д. Джеймс пен С. Кларк сөзді бөлудің екі түрлі мақсатын атап көрсетеді. Мысалы, сөзді бөлу қолдау мақсатында, айталық «mmm», «иә», «дұрыс» сияқты сөз қолданыстарымен, т.б., сондай-ақ сөйлеуші мен тыңдаушы арасында түсініспеушіліктер орын алған кезде сөз бөлінеді. Басқа жағдайларда бұл екі мақсат болмайды да, басқа да әртүрлі себептерден сөзді бөлу орын алады. Мысалы, тыңдаушының сөйлеуші тыныс алу үшін кідіргенде, сөзін аяқтады деп ойлап, сөзді бастап кетуі немесе сөйлеуші сөйлеу қарқынын бәсеңдеткенде, тыңдаушы сөйлеп бастауы, т.б. түрлі себептер мақсатсыз болуы мүмкін [8; 238].

Үшінші пікір ұстанымы — сөзді бөлуді «ер мен әйелдің арасындағы айырма» ретінде қарастыру. Яғни ер мен әйелдің физиологиялық, биологиялық және әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты болады да, сөзді бөлу кезінде де екі жыныстың осы ерекшеліктері көрініс береді. Бұл пікірді ұстанушылар қатарында Д. Таннен мен Дж. Коутс бар. Д. Таннен ер мен әйел әртүрлі субмәдениет өкілдері болғандықтан, оларда кездесетін тілдік айырмашылықтар — сол субмәдени айырманың

көрінісі деп есептейді [9]. Ер мен әйел арасындағы мұндай айырмашылықтарды көрсету үшін Д. Таннен мынадай мысал келтіреді: ерлер қоғамдық жерде, көпшілік алдында сөйлегенді жақсы көреді, себебі олар сол арқылы өздерінің тәуелсіздігін, маңыздылығын көрсетеді. Сондай-ақ ерлер өз білімімен бөлісу, әзілдесу және бір оқиғаны айту мақсатында әңгімелеседі. Бұл дегеніміз ерлер өздерімен аса таныс емес адамдармен жақсы әңгімелесе алатындығын білдіреді. Әйелдер, керісінше, оңаша сөйлескенді ұнатады. Ғалымның айтуынша, «әйелдер әңгімелескенде ұқсастықтардың болуына және басынан өткен тәжірибені салыстыруға көп мән береді» [9; 74]. Сөзді бөлуді де әйелдер жеңіл қабылдап, көп жағдайда сөзді бөлушімен бірге сөйлей береді. Мұны Д. Таннен «қабаттасу» (overlapping) деп атайды. Ғалым ер мен әйелдің әңгімелесудегі бірнеше айырмашылықтарын сипаттай келе, мынадай қорытындыға келеді: егер ер мен әйел өздерінің айырмашылықтарын білсе, қақтығыстардың алдын алуға болады және екі тарап та өз пікірлерін толықтай айта алатын еді. Дж. Коутс 1996 жылы әйелдер сөйлеуінің жалпы лингвистикалық ерекшеліктерін анықтау үшін жиырма (20) әйел арасындағы әңгімені талдаған [10]. Ғалым әйелдер әңгімелесу барысында бір-бірін әртүрлі сөздермен, интонациямен толықтырып отырады деген тұжырым жасайды. Сонымен қатар әйелдер өз сөйлеуінде көбіне толымсыз сөйлемдерді қолданады. Ғалым әйелдер арасындағы әңгімелесуде қабаттасу жиі орын алады деген қорытындыға келеді, әсіресе әңгімелесуге екіден көп әңгімелесуші қатысқан кезде, бір-бірінің сөзіне жиі қабаттасады. Ал сөзді бөлу әйелдер арасында өте сирек кездеседі, сөзді бөлу бола қалғанның өзінде, ол толық сөзді бөлмейді деген қорытындыға келеді [10; 151].

Аталған үш пікір ұстанымына психологтардың пікірін де қосуға болады. Себебі психологтар ер мен әйел арасындағы әңгімелесудегі сөзді бөлу құбылысын екі жыныстың психологиялық ерекшеліктерімен байланыстырады. Мәселен, психолог ғалым А. Егидес сөзді бөлу құбылысын адамның сөйлеу және есту қажеттілігімен тікелей байланысты қарастырады [11]. Сөзді бөлу кез келген әңгіме түрінде кездеседі, бұл сөзді бөлушінің психологиялық эмоционалды түрдегі өз-өзін ұстай алмауы деп түсіндіреді. Сонымен қатар ғалым психологияда адамдар арасындағы әңгімедегі сөзді бөлу құбылысының екі түрлі үлгісі бар екенін атап көрсетеді. Олар: біріншісі, әңгімеде көшбасшы, яғни доминантты тұлға бар, басқалары тек сирек түрлі түсініктеме, ескертпелер қосып отырады, аяғында бұл әңгіме түрі монологқа айналады. Екіншісі, әңгімеде доминант тұлға жоқ, барлығы бір-бірін тындамай бір уақытта сөйлей береді. Ғалым сөзді бөлу әңгімелесуде өте жағымсыз әсер беретіндігін баса көрсетіп, барынша сөйлеушінің сөзін бөлмеуге тырысу керек деген қорытындыға келеді [11; 30].

Тіл біліміндегі ер мен әйел әңгімелесулеріндегі сөзді бөлуге қатысты жасалған зерттеулерге сараптамалық шолу жасау нәтижесінде мынадай тұжырым жасауға болады: әңгімелесуге қатысушылар үлкен рөл ойнайды, мысалы, ер мен әйел арасындағы әңгімелесуде көбіне ерлер сөзді жиі бөліп, әңгімелесуде үстемдік етуге тырысады. Ал тек ер мен ер немесе әйел мен әйел арасындағы әңгімелесулерде мұндай жағдайлар көп байқала бермейді. Сондай-ақ үш пікір ұстанымы бойынша да зерттеулерде сөзді бөлу жағымсыз әрекет ретінде көрінеді, сөзді бөлушілер басқа адамдарға теріс әсер қалдырады деген қорытынды жасайды.

Қазақ тіл білімінде сөзді бөлу құбылысы жеке тақырып ретінде зерттелмеген. Біздің зерттеуіміз аталған құбылысқа алғаш көңіл аударған зерттеу болып табылады. Дегенмен қазақ тіліндегі ер мен әйелдің сөйлеу ерекшеліктерін қарастыратын зерттеулерде әңгімелесудегі үстемдік туралы, сөзді бөлу барысындағы ер мен әйелдің вербалды және бейвербалды амалдары жайлы пікірлер кездеседі. Мысалы, Г. Бейсембаева мен А.К. Калибасовалар «Гендерлік лингвистикадағы эмоцияны айқындайтын лексика (ағылшын және қазақ тілдері негізінде)» атты мақалаларында: «Тілде мұндай дәрегі сөйлеу ер адамдарға тән. Бұл, әрине ер адамның физиологиялық табиғатымен тығыз байланысты. Өйткені ер адам әйел адамға қарағанда доминант болып келеді. Яғни көп жағдайда ер адам үстемдік етеді. Соған сай ер адамның тілдік қолданысында дәрегі мәнді лексика көптеп ұшырасады», – деген пікір айтады [12; 45]. Келесі бір ерекшелік қазақ мәдениетіндегі ер мен әйелдер қолданатын бейвербалды амалдарға қатысты. Соның ішінде әйелдерге тән бейвербалды амалдар қатарында әйелдердің өздерінің ренішін, келіспеушілігін, қолдамайтындығын көп жағдайда үнсіз, бейвербалды амал әрекетпен көрсететіні зерттеулерде айтылады. Айталық, Б. Момынованың «Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде» еңбегінде мынадай мысал келтіріледі: «Ал төменде келтірілетін мысал ері мен әйелі арасындағы коммуникацияның қазақы ерекшелігін көрсетеді... «Әйелдер қаза үстінде де күйеулерінің қас-қабағына қарап дауыс шығара алмайды (Ө. Нұрпейісов «Қан мен тер»); Жолаушылар өзінен тартынып отырғанын сезіп, «шыға тұрайын ба»

дегендей күйеуі жаққа көз жүгіртіп еді, «кылып етпе» дегендей үнсіз тұқыртуды ұқты (Ә. Кекілбаев «Елең-алаң») [13; 131]. Әйелдердің мимикасы ерлерге қарағанда айқынырақ білінеді. Сондықтан сөйлесу кезінде әйелдер сөйлесушімен келісетіндігін немесе келіспейтіндігін, разы немесе наразы екенін бас изеу, бас шайқау, ернін тістеу, қабағын түю сынды им-ишараттармен жеткізген.

Қазақ сөйлеу тіліндегі сөзді бөлу құбылысын гендерлік қырынан зерттеу өзекті. Ер мен әйел әңгімелесулеріндегі сөйлеудің кезегін сақтау тәртібін бұзудан туындайтын сөзді бөлу сияқты сөйлеу құбылысын зерттеу маңызды. Бұл өз кезегінде қазақ тіл білімінің әлеуметтік лингвистика саласында және тіл мен гендер аясында жасалатын зерттеулердің тақырыбын да, ауқымын да кеңейтеді. Сонымен қатар жоғарыда шолу жасалған шетел зерттеулерінің нәтижелерін қазақ тілді деректер негізінде жүргізілген зерттеулермен қатар қойып, нәтижелері мен қорытындыларын ұқсастықтары мен айырмашылықтары бойынша салыстыруға мүмкіндік ашады.

### *Зерттеудің деректері мен әдістері*

Біз зерттеудің әдісі ретінде *әңгімелесуді талдау* әдісін қолдандық. Ағылшын тіліндегі *conversational analysis* терминін қазақ тілінде *әңгімелесуді талдау әдісі* деп алдық. Бұл әдістің негізінде түрлі сөйлесушілер арасындағы күнделікті сөйлеу барысындағы әңгімелесулерді әр қырынан талдау жатыр. Әңгімелесу қалай жүзеге асады деген сұраққа жауапты осы әдіспен зерттеудің нәтижесінде алынған көптеген зерттеу нәтижелерінен алуға болады. Аталған әдісті Х. Сакс 1950 жылдардың аяғында Лос-Анджелестегі «Суицидті алдын-алу орталығына» түскен телефон қоңырауларын зерттеу барысында ойлап тапқан. Әңгімелесуді талдау әдісі — табиғи түрде болатын әңгімелесуді қатаң және жүйелі түрде сипаттау әдісі [12; 73]. Әңгімелесуді талдау әдісінде кемінде екі сөйлесуші болуы керек. Бұл әдістің қарастыратын мәселесі мынада: әңгімелесудегі тәртіпті сақтауда қолданылатын ережелерді және заңдылықтарды қарастырады. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл әдіспен ауызша әңгімелесу қалай жүзеге асатыны зерттеледі.

Біздің зерттеуіміздің деректері YouTube желісіндегі қазақ тіліндегі подкастар болды. Талдауға екі түрлі подкасты іріктеп алдық. Подкастарды алу себебіміз, олардың көрермендер арасында кеңінен танымал болуы және ең бастысы, біздің зерттеуіміздің мақсатына сәйкес, ауызекі сөйлеу тілінің нақты көрінісі бола алуы. Бүгінгі таңда цифрлық медиаортада танымалдығы жағынан подкаст көш бастап тұр. Подкастарға деген мұндай жоғары сұраныстың болуына оның бірнеше артықшылықтары себепкер десек болады. Подкастың ерекшеліктеріне «ақпаратты алудағы қолжетімділік, контент мазмұнын таңдаудағы еркіндік және кез келген уақытта тыңдау еркіндігі» [13; 194], «подкаста қатысушылардың еркін болуы, ашық әңгімелердің айтылуы, кері байланыстың болуы, тақырып таңдау еркіндігі және уақыт жағынан ыңғайлылық» жатады [14; 112]. Көбінесе подкаст тақырыптары әлеуметтік маңызды мәселелерге арналады. Подкастың форматы адамдарға ыңғайлы және қарапайым. Интернетке, микрофонға қол жеткізе алатын және өз ойы бар, кез келген тақырыпта бірдеңе айтқысы келетін қарапайым адамдардың арасындағы әңгімелесуді көрсетеді. Мұндай медиа өнімді кез келген ыңғайлы уақытта және жерде тыңдауға болады.

Алдымен подкаст дегеніміз не, соған қысқаша түсінік бере кетейік.

Подкаст — аудио немесе бейне форматында жазылатын және онлайн тыңдауға немесе көруге, сондай-ақ жүктеуге және түсініктеме беруге болатын мерзімді шығарылымдар сериясы. Подкаст, Е.А. Воинова мен Е.В. Сивяковалардың айтуынша, «әртүрлі тақырыптар бойынша ақпарат және психологиялық көмек пен түрлі кеңес алудың ыңғайлы әрі қолжетімді жолы. Сондай-ақ подкаст ақпаратты үлкен аудиторияға таратуға және қатысушылар мен тыңдарман арасында қарым-қатынас, диалог орнатуға мүмкіндік береді» [15; 107-108]. Қазіргі таңда подкастар қалың көпшілік ортасында пікірталас жүргізуге және ақпаратты кең аудиториямен бөлісуге мүмкіндік беретін танымал медиа форматқа айналды. Подкаст кез келген жерде және кез келген уақытта бірнеше адам бірігіп, әртүрлі маңызды тақырыпта өз ойларын білдіріп, әңгімелесетін және осы әңгімелесуді кез келген адам көре алатын қолжетімді медиа құрал болғандықтан, біздің зерттеуімізге де тиімді материал бола алады.

Біз зерттеуге екі подкастыны іріктеп алдық. Іріктеудегі бірінші критерий — ер мен ер және әйел мен әйел арасындағы әңгімелесулерден тұрған подкастардың болуы. Сондықтан бір подкастың қатысушылары — тек ер адамдар, екінші подкаст қатысушылары — тек әйел адамдар. Екінші критерий — әңгімелесуге қатысушылардың жастарының әртүрлі болуы. Екі подкаста да ер және әйел қатысушылардың жастары әртүрлі: жастар да, орта жас және үлкен жастағы топтың да өкілдері бар. Бұл зерттеу нәтижелерін талдауда және талқылауда жас ерекшеліктеріне қатысты салыстырулар жасауға, сондай-ақ сөзді бөлудегі ұлттық мәдени ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Үшінші

критерий — подкастардың уақыт ұзақтығы шамалас болуы. Подкастардың бірдей немесе шамалас уақыт ұзақтығында тандалуы ондағы сөзді бөлулердің санын есептеудегі дәлдікті қамтамасыз етеді. Тым ұзақ подкастыны тым қысқа подкаспен салыстыруға келмейді. Зерттеу нәтижелері дәлді және дәлелді болу үшін әңгімелесу ұзақтығы жуықтас болуы маңызды. Іріктеудегі мына бір тұстарды да атап өткіміз келеді: ашық дереккөздерде саны жағынан ер де, әйел де бірдей қатысатын таза қазақ тіліндегі подкастар аз кездесті. Подкастардың ішінде бір ғана әйел, үш не одан да көп ер адам қатысқан подкастар жиі кездеседі. Сондай-ақ көп подкастардың табиғи ауызша сөйлеудің көрінісі бола алмайтыны көрінді: көп подкастарда спикер қатысып, сөйлеушілердің сөз алу кезегін сол адам — спикер реттеп отырады. Ондай подкастардан сөйлеудегі еркіндік пен тосындықты табу қиынырақ, тіпті кейбір подкастарда тіпті мүмкін емес. Ал сөзді бөлу — табиғи сөйлеу құбылысы, ол нағыз жанды сөйлеудің барысында орын алады. Сондықтан спикермен сөз алу және сөз беру кезегі реттелетін подкастардан ондай тосындықты кездестіру, сөзді бөлуді ұшырату мүмкін бола қоймайды. Біз талдаған подкастарда спикер жоқ, бірнеше адамдар еркін сөйлесіп отырады.

Сонымен, зерттеуге ер мен ер және әйел мен әйел арасындағы әңгімелесулерден тұрған екі подкаст алынды. Бірінші подкаста әңгімелесуге 5 ер адам қатысады. Жастары 25-58 жас аралығын құрайды. Әңгіменің негізгі тақырыптары бизнес, саясатқа қатысты. Подкаст ұзақтығы — 98 минут. Подкасқа қатысушылар бір-бірін жақсы таниды, бірақ жақын араласпайды. Сондықтан әңгімелерінде әзіл-қалжың аз, негізінен арнайы тақырыптарда ғана әңгімелеседі.

Екінші подкаста әңгімелесуге 4 әйел қатысады. Жастары 20-38 жас аралығын құрайды. Әңгіменің негізгі тақырыптары қарым-қатынас, психологияға қатысты. Подкаст ұзақтығы — 81 минут. Подкасқа қатысушылардың мамандықтары — сценарист, әнші және психолог. Подкасқа қатысушылар бір-бірімен шығармашылық жағынан таныс, алайда достық, туыстық қатынастары жоқ.

Подкастарды транскрипциялауда бірқатар қиындықтар болды. Ол қиындық қазақ тіліндегі аудио- және бейнежазбаларды мәтінге айналдыратын арнайы қосымшалардың немесе бағдарламалардың болмауынан туындады. Қазірде қолданыста бар кейбір қосымшалар қазақ тіліндегі аудиомәтінді тануда көп қателер жібереді немесе ақылы болғандықтан, оларды қолдану мүмкіндігіміз шектеулі болды. Сондықтан біз транскрипцияны механикалық жолмен, қолмен жазып жасадық. Транскрипция жасау барысында қатысушылардың сөздері ешқандай өзгеріске түспей, сол қалпында сақталды. Себебі қатысушылар сөзіне қандай да бір өзгерістер енгізу транскрипцияның түпнұсқалығынан айырады. Қатысушылардың басқа тілден сөздерді қосуы, диалектілерді қолдану ерекшеліктері де сол күйі сақталып жазылды. Қатысушылар сөздеріндегі «ааа», «мхм», «мм» сияқты сөйлеу тілінің ерекшеліктері де өзгеріссіз берілді. Себебі бұл қысқа репликалар қолданысына қарай терең мағына беруі мүмкін. Әңгімелесулердің мәтінін транскрипциялауда мынадай шартты таңбалар пайдаланылды: (...) — сөйлеушінің сөзі бөлінуі; (сөзін бөліп) — тыңдаушының (сөзді бөліп алушының) сөзді бөлу әрекеті.

#### *Нәтижелер мен олардың талқылануы*

Алдымен екі подкасты мұқият тыңдап, әр подкаста сөзді бөлу фактісі қанша рет орын алғанын есептедік. Нәтижесінде тек ерлер қатысқан подкаста жалпы саны 120 рет сөзді бөлу кездесті. Мысалы:

**Марғұлан:**... әр адамның ішкі рухы бөлек (...)

**Қуаныш:** (сөзін бөліп) Өз жолым дейсіз ғой.

**Марғұлан:** Иә, бұл жерде былай ғой... (YouTube: Төртеу түгел болса)

Орташа есеппен минутқа шаққанда 1 минутта 1,21 рет әңгімеге қатысушылар бір-бірінің сөздерін бөлген.

Әйелдер қатысқан подкаста жалпы саны 78 рет сөзді бөлу орын алған. Мысалы:

**Перизат:** Сондықтан анандай шегерген сайын өзімізді қуысқа тыға бердік. И сондықтан көп толғата бермей бүгін туайықшы дедік (...)

**Мөлдір:** (сөзін бөліп) Бүгін тудық.

**Перизат:** Иә, туған күніміз құтты болсын! (YouTube: Ойжеткен)

Орташа есеппен минутқа шаққанда 1 минутта 1 рет әңгімелесушілер бір-бірінің сөздерін бөлген.

Екі жыныс өкілінің «не себепті сөзді бөледі» деп, сөзді бөлудегі мақсаттарына көңіл аударғанда мынадай айырмашылықтар байқалды:

Алдымен, әйелдер арасындағы әңгімелесуде сөзді бөлудің көбі қостау мақсатында болады. Қараңыз:

**Айна:** *Өмірдің мән-мағынасы жоғалып қалады. Не істеп (...)*

**Мөлдір:** (сөзін бөліп) *Ештеңе қызықтырмайды.*

**Айна:** *Ештеңе қызықтырмайды. Тіпті сені баяғыда қызықтырған, қуанттырған нәрсе де қызықтырмайды...* (YouTube: Ойжеткен)

Ерлер арасындағы әңгімелесуде сөзді бөлу нақтылау мақсатында болған:

**Марғұлан:** *Ол айтыпты «мен Аллаға жол ашып беріп жатырмын», Аллаға емес Аллаға баратын жолды (...)*

**Қуаныш:** (сөзін бөліп) *Алланың үйіне.*

**Марғұлан:** *Алланың үйіне баратын жолды ашып беріп отырмын деп...* (YouTube: Төртеу түгел болса)

Келесі, сөзін түзету мақсатында:

**Марғұлан:** *Қазақтың мақалы бар ғой «заманың бірдеңе болса қасқыр болып шап, бірдеңе болса түлкі боп (...)*

**Қуаныш:** (сөзін бөліп) *Заманың түлкі болса, тазы болып шал дейді.*

**Марғұлан:** *Иә, иә. Сол сияқты өзгеріп отыру керек.* (YouTube: Төртеу түгел болса)

Қате айтылған сөзді дұрыстау үшін де сөзді бөлу кездесті:

**Марғұлан:** *Тайота ол көлік шығаратын машина емес (...)*

**Ескендір:** (сөзді бөліп) *Завод емес.*

**Марғұлан:** *Ааа, не кәсіпорын емес...* (YouTube: Төртеу түгел болса)

Сөздің аудармасын айту мақсатында көп сөзді бөледі:

**Марғұлан:**... *Бірақ қандай жұмыспен айналыссаң да, мән беру керек. Смысл дейді ғой (...)*

**Қуаныш:** (сөзді бөліп) *Мағына беру керек.*

**Марғұлан:** *мағына беру керек.* (YouTube: Төртеу түгел болса)

**Марғұлан:**... *Үшінші нәрсе ол қоршаған ортаң (...)*

**Қуаныш:** (сөзді бөліп) *Окружение*

**Марғұлан:** *окружение, ортаң.* (YouTube: Төртеу түгел болса)

Сондай-ақ, сөзді бөлу толықтыру мақсатында болған:

**Марғұлан:** *Ал кедейлер көбінесе сүйікті жұмыс іздемейді. Олар амал, тәсіл (...)*

**Құлан:** *Техника*

**Марғұлан:** *Айла, тез техника, құрал, құпия бірдеңе іздейді...* (YouTube: Төртеу түгел болса)

Ерлер қатысқан подкаста сөйлеуші өзінің сөзін бөлгенде екі түрлі әрекет жасайды. Біріншісі, сөзін бөлген адамның сөйлеп болғанын күтіп, әрі қарай өз сөзін жалғастырады. Қараңыз:

**Марғұлан:**... *Сондықтан тауар сату қазір зейіннен басталады. Өйткені, қазір (...)*

**Мейірбек:** (сөзін бөліп) *Маркетингі әдемі түсіндіріп бердіңіз ғой.*

**Марғұлан:** *Жоқ, қазір байқасаңдар, жастардың көбісі, интернеттен заказ беріп алады ғой. Бұрынғыдай, біз сияқты дүкенде жүретін заман жоқ...* (YouTube: Төртеу түгел болса).

Екіншісі, сөзін бөлген адамды елемейді, яғни өз сөзін жалғастыра береді:

**Марғұлан:** *Менің жалпы бұл өмірге көзқарасым адам деген серфинг деген бар (...)*

**Мейірбек:** (сөзін бөліп) *Спорт түрі бар ғой.*

**Марғұлан:** *Серфинг деген бар ғой, толқынмен жүзетін, сондай болу керек. Адам деген жеңіл болу керек...* (YouTube: Төртеу түгел болса)

Сондықтан да ерлер арасындағы бұл әңгімелесуде қабаттаса сөйлеу көп кездеседі.

Әйелдер қатысқан подкаста сөйлеушінің сөзін бөлгенде, әйел сәл тоқтап, үзіліс алады да, сол сөзін бөлушінің сөзін қайталап, әрі қарай жалғастырып әкетеді. Мысалы:

**Перизат:** *Осы тақырыпта пікір алмасайық. Өйткені, өз басым (...)*

**Асел:** (сөзін бөліп) *Жалпы не болып кетті?*

**Перизат:** *Иә, жалпы не болып кетті? Тақырыптың өзі солай аталады. Иә, барлығымыз солай айтамыз ғой...* (YouTube: Ойжеткен)

Келесі айырмашылық — әйелдер басқа қатысушы сөйлеп жатқан кезде, өз ойын айту үшін немесе сұрақ қою үшін сол сөйлеушінің толық сөйлеп біткенін немесе сол сөйлемді аяқтағанын

күтеді. Сондай-ақ әйелдер сөзді бөлгісі келгенде мұны ым-ишарамен білдіреді. Мысалы, қолын көтеріп, басын изеп-шайқап, т.б. Ерлер арасында басқа қатысушы сөйлеп жатқан уақытта өз ойын айту немесе күмәнді сұраққа жауап алу дәл сол уақытта жүзеге асады, яғни сөйлеушінің сөйлемді аяқтағанын күтпейді.

Екі түрлі подкаста қатысушылар арасында әртүрлі айырмашылықтардың, мысалы, жас, ұлттық мәдениет, болуы олардың сөзді бөлуіне де біршама әсер етеді. Мысалы, ерлер арасындағы әңгімеде қатысушылардың жас айырмашылығы үлкен рөл ойнайды. Жастары қатарлас екі ер адам бір-бірінің сөзін жиі бөлсе, жасы кіші ерлер жасы үлкен ер адамның сөзін азырақ бөледі. Сондай-ақ жасы үлкен ер адамның сөзін бөлгенде «кешіріңіз, айтып жіберсем бола ма?» деген сияқты сыпайы түрде бөледі.

**Марғұлан:** Мен (...)

**Қуаныш:** (қабаттаса) Қайда асығамыз?

**Ескендір:** (сөзін бөліп) Қараңызшы, аға. Кешіріңіз, Маке. Асығамыз дедік қой, әсіресе жаңа ұрпақта. Қайдан шығып жатыр осы? (YouTube: Төртеу түгел болса)

Әйелдер арасындағы әңгімелесуде сөзді бөлуде жас айырмашылығына аса қатты мән берілмейді.

Екі подкаст бойынша да сөзді ең көп және ең аз бөлген қатысушылар бар. Ерлер арасында сөзді ең аз бөлген қатысушы жалпы уақытта екі рет сөзді бөлген және ол — қатысушылар арасындағы ең жас қатысушы. Әйелдер арасындағы әңгімелесуде сөзді ең аз бөлген қатысушы сөзді төрт рет бөлген. Ал сөзді көп бөлген қатысушылар ерлер арасында 23 рет бөлген болса, әйелдер арасында 17 рет бөлген.

Екі подкаст бойынша нәтижелерге талқылау жасайтын болсақ, ерлер қатысқан әңгімелесуде әйелдерге қарағанда сөзді бөлу жиірек кездеседі. Ерлер арасындағы әңгімелесуде сөйлеушінің сөзін бөлу сөзді қостау, мақұлдаудан гөрі нақтылау, қате сөзді дұрыстау, сөзді толықтыру, өз пікірін айту мақсаттарында болды. Ал әйелдер қатысқан подкаста сөзді бөлу көбіне қостау, мақұлдау мақсатында болды. Сондай-ақ тек әйелдер арасындағы әңгімелесуде болған бір ерекшелік — әйел өз сөзін бөлушіні толық тыңдап, сол сөзін бөлген адамның сөзін қайталап барып, әрі қарай өз сөзін жалғастырады. Яғни, әйелдер сөзін бөлген адамның ойын әрі қарай жалғастырып әкетеді. Сөз ағынын, бағытын сөзін бөлген адамға беріп қояды десек те болады. Ерлер қатысқан подкаста сөйлеуші сөзін бөлгенде сөзді бөлушіге мүлде мән бермей, өз сөзін жалғастыра береді, яғни сөзді бөлуші пікіріне қосылу өте сирек кездеседі. Ерлер әңгімелесу барысында өз пікірін айту немесе күмәнді сұраққа жауапты дәл сөйлеуші сөйлеп жатқан кезде алса, әйелдер көп жағдайда өз пікірін білдіру үшін сөйлеушінің толық сөйлеп біткенін күтеді. Біздің зерттеуімізден алынған осы нәтиже И. Грошев жасаған зерттеудегі нәтижемен ұқсас келеді [18]. И. Грошев зерттеуінде жалпы саны он ер мен он әйелдің әңгімелесулерін талдайды. Нәтижесінде ғалым «ерлер әдетте сөйлеуші сөзін 10-15 секунд ғана тыңдайды. Әрі қарай сол туралы өзінің не ойлайтынын және әңгімеге не қосатынын ойлайды. Сондай-ақ ерлер сөйлеуші сөзінен қате тапса, оны сөйлеушінің өзінің түзетуіне мүмкіндік бермей, бірден сөзін бөліп, қатесін түзетеді» деген қорытындыға келеді [18; 28].

Ер мен әйел әңгімелесулеріндегі тағы бір ерекшелік — ерлер үшін басқалардың тыңдағаны аса маңызды, өзін тыңдату үшін сөз бастарда үзіліс алып, барлығы толық назар аударғанын күтеді. Әйелдер арасындағы әңгімеде мұндай жағдай байқалмады. Осыған ұқсас нәтижені жапон тіліндегі ер мен әйелдің сөзді бөлудегі ерекшеліктерін зерттеген Х. Итакуруның зерттеуінен байқай аламыз [19]. Ғалым сегіз жұптың әңгімелесулерін талдай отырып, «ер сөйлесушілер әңгімелесуде өзіне бағытталған сөйлеу стратегиясын ұстанады, сол арқылы әңгімелесуде назарды толық өзіне аудартуға тырысады. Осы мақсатта ерлер түрлі стратегиялар қолданады: тақырыпқа қатысты өз білімі мен тәжірибесін алға шығару, әйелдер өз тәжірибесі туралы айтып жатқанда қандай да бір сөзбен бөлу, т.б. сияқты бастамалық қадамдар қолданады», – деген қорытындыға келеді. Ал әйел сөйлесушілер, керісінше, ер сөйлесушілердің әңгіме айтуын түрлі бастамалық қадамдар жасаумен — әңгімесіне қызығушылық танытумен, көбірек детальдар сұраумен, ер сөйлеушілердің жоғары білім мен тәжірибе көрсетуін мақұлдаумен, олардың беделдеріне бағынумен, олардың жоғары білім мен тәжірибелерін көрсетуіне мүмкіндіктер жасаумен қолдап отырады [19; 243].

Әйелдер сөзді бөлгенде көп жағдайда тек бір сөз немесе сөз тіркесін ғана бөледі, толық сөйлем айтып сөзді бөлу өте сирек кездеседі. Ерлер арасындағы әңгімелесуде, керісінше, сөзді көбіне толық сөйлем немесе бірнеше сөйлемдермен бөледі. Сондай-ақ әңгімелесу барысында мысал келтіргенде де ерлер көбіне барлығына белгілі тұлғалар, саяси оқиғалардан мысал келтірсе, әйелдер көбіне өздеріне ғана таныс адамдардан немесе жеке өз басынан өткен оқиғалардан мысал келтіреді.

Сөзді бөлу құбылысында тілді жұмсаушы ұлттың мәдени ерекшеліктері де көрініс береді және сөзді бөлуге ықпал етеді. Қазақ тілді әңгімелесуге қатысушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жасы кішінің жасы үлкенді құрмет тұтып, сөз сөйлеуде үлкеннің алдына түспеу мәдениеті де сөзді бөлу саны мен мазмұнына әсер етеді. Ерлер арасындағы әңгімелесуде жастары шамалас ер адамдардың бірінің сөзін бірі жиі бөліп, жасы кіші ер адамның өзінен жасы үлкен ер адамның сөзін сирек бөлуін, тіпті бола қалған жағдайдың өзінде сыпайылық танытып, кешірім сұрап барып сөз кірістіріп бөлуін қазақ ұлтының мәдениетіне тән үлкенді сыйлау дәстүрімен түсіндіруге болады.

#### Қорытынды

Ер және әйел әңгімелесулерінде екі жыныстың да өзіндік ерекшеліктері бар екені белгілі. Әңгімелесудегі сөзді бөлу, тақырыпты бақылау, жауап бермеу немесе елемей сияқты әрекеттерді зерттей отырып, екі жыныс өкілдерінің де салыстырмалы түрде бірдей деңгейде екенін анықтадық. Яғни, көп зерттеулердегі «әйелдер сөзді жиі бөледі» деген тұжырымды біздің зерттеуіміз жоққа шығарып, ерлердің де әйелдермен бірдей сөзді жиі бөлетіндігі анықталды.

Әңгімелесуде сөзді бөлу теріс әсерде, ал сөзді бөлушілер этиканы сақтамаушылар ретінде қабылданады. Бұл сөзді бөлушіге де, сөзі бөлінген адамға да психологиялық жағынан әсер етеді. Белгілі бір жағдайларда, әсіресе пікірталастарда, жиі кедергі жасайтын адамдар неғұрлым ықпалды және әңгімелесуді басқарушы болып қабылданады, ал кедергі жасамайтын адамдар, сәйкесінше, әңгімелесу барысына аз әсер етеді. Өйткені сөзін бөлетіндердің сөзін бөлмейтіндермен салыстырғанда өз пікірлерін айту мүмкіндігі жоғары, өз көзқарастарын баса көрсетуге мүмкіндіктері көбірек.

Бұл зерттеу екі түрлі қазақ тілді подкастардағы ер мен әйелдің сөзді бөлу құбылысын зерттейді. Мақаланың көлеміне байланысты деректердің шағын бөлігіне ғана жасалған талдаулар ұсынылды. Бұл зерттеу болашақта деректердің, яғни қазақ тілді подкастардың, санын көбейтумен кеңейтіле жүргізілетін болады. Осы зерттеу барысында таза қазақ тілді әртүрлі жыныс өкілдері қатысқан подкастардың саны аз екенін байқадық. Дегенмен уақыт өте келе қазақ тілді подкастар санының артуы мүмкін екенін ескерсек, біздің болашақта жүргізілетін зерттеулерімізде деректердің саны артатыны сөзсіз.

Бұл зерттеу қазақ сөйлеу тіліндегі сөзді бөлу құбылысын әңгімелесулер негізінде талдаған алғашқы зерттеу болып табылады және біздің осы тақырыпта жасалатын болашақтағы зерттеулерімізбен жалғасын табады. Алдағы зерттеулерде қазақ тілді әңгімелесулердегі жыныстар арасындағы сөзді бөлу құбылысын ер және әйелдің басқа да мінез-құлық ерекшеліктерін, сондай-ақ әлеуметтік және ұлттық мәдени факторларды ескере отырып, тереңірек талдау көзделеді. Сондай-ақ жыныстардың жас ерекшеліктерін басты фактор етіп алып, айталық, жастардың сөзді бөлудегі ерекшеліктері, орта жас және үлкен жастағы ер мен әйелдер арасындағы сөзді бөлудің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға байланысты зерттеулер жасауға болады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Zimmerman D., West C. Sex Roles, Interruptions and Silences in Conversation / D. Zimmerman, C. West. — New York: Newbury House, 1975. — 311 p.
- 2 Lakoff R.T. Cries and Whispers: The Shattering of the Silence / R.T. Lakoff. — New York: Routledge, 1995. — 522 p.
- 3 Eckert P. Language and gender / P. Eckert, S. McConnell-Ginet. — Cambridge: Cambridge University Press, 2003. — 379 p.
- 4 Беляева А.Ю. Особенности речевого поведения мужчин и женщин (на материале русской разговорной речи): дис. ... канд. филол. наук: 10.02.01 — «Русский язык» / А.Ю. Беляева. — Саратов, 2002. — 177 с.
- 5 Грошев И.В. Половозрастные и гендерные особенности процесса общения: явление перебивания в речи собеседника / И.В. Грошев, А.А. Щербак // Вестн. ТГУ. Сер. Гуманитарные науки. — 2008. — № 3 (59). — С. 271–281.
- 6 Sacks H. A Simplest Systematics for the Organization of Turn-Taking for Conversation / H. Sacks, E.A. Schegloff, G. Jefferson // Language. — 1974. — No. 50 (4). — P. 696–735.
- 7 Livingston L.A. The Experimental Analysis of Interruption During Conversation for Three Children Who Stutter / L.A. Livingston, Y.E. Flowers, B.A. Hodor, B.P. Ryan // Journal of Developmental and Physical Disabilities. — 2000. — No 12 (4). — P. 235–266.
- 8 James D. Women, men, and interruptions: A critical review / D. James, S. Clarke. — Oxford & New York: Oxford University Press, 1993. — 352 p.

- 9 Tannen D. Gender differences in topical coherence: Creating involvement in best friends' talk / D. Tannen // *Discourse Processes*. — 1990. — № 13 (1). — P. 73–90.
- 10 Coates J. *Women Talk: Conversation between Women Friends* / J. Coates. — Chichester: Wiley-Blackwell, 1991. — 344 p.
- 11 Егидес А.П. Психотехника синтонного общения / А.П. Егидес. — М.: АстПресс, 2006. — 164 с.
- 12 Бейсембаева Г.З. Гендерлік лингвистикадағы эмоцияны айқындайтын лексика (ағылшын және қазақ тілдері негізінде) / Г.З. Бейсембаева, А.К. Калибасова // Г.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. — 2018. — № 4 (125). — Б. 42–49.
- 13 Момынова Б. Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде / Б. Момынова. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2016. — 496 б.
- 14 Sacks H. *Notes on Methodology* / H. Sacks. — New York: Cambridge University Press, 1984. — 446 p.
- 15 Дорофеева А.А. Подкастинг: новое радио в Интернете / А.А. Дорофеева // *Век информации. Журналистика XXI века: в координатах исторического времени: материалы Междунар. науч.-практ. конф. форума «Дни философии в Санкт-Петербурге–2017»*. — СПб.: СПб. гос. ун-т; Высш. шк. журн. и мас. коммуникаций, 2018. — С. 192–199.
- 16 Журавлева А.А. Подкастинговое вещание: структура, жанрово-тематическое разнообразие, особенности развития в социальной сети ВКонтакте / А.А. Журавлева // *Знак: проблемное поле медиаобразования*. — 2020. — № 1 (35). — С. 112–119. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/podkastingovoe-veschaniye-struktura-zhanrovotematicheskoe-raznoobrazie-osobennosti-razvitiya-v-sotsialnoy-seti-vkontakte>
- 17 Воинова Е.А. Подкаст как новый формат публичной коммуникации в условиях цифровой среды / Е.А. Воинова, Е.В. Сивякова // *Социально-гуманитарные знания*. — 2018. — № 12. — С. 104–120.
- 18 Грошев И.В. Проявление половых различий в общении и склонности перебивать собеседника / И.В. Грошев // *Вестн. ТГУ. Сер. Гуманитарные науки*. — 1998. — № 2. — С. 26–33.
- 19 Itakura H. Gender and conversational dominance in Japanese conversation / H. Itakura // *Language in society*. — 2001. — № 33. — P. 223–248.

Г.А. Сарсеке, Ж.К. Сентирбек

### **Феномен перебивания речи в разговоре мужчин и женщин: на основе подкастов на казахском языке**

В последние годы тема доминантности в коммуникации рассматривается как актуальная проблема социолингвистических исследований, поскольку является одним из основных факторов, определяющих сценарии речевого поведения. Речевое поведение в обществе напрямую связано с гендерными стереотипами, поэтому доминирование в разговоре также имеет гендерную основу. В статье затронуты вопросы, связанные с тем, какой пол доминирует во время разговора, какие способы используются для проявления доминирования, в том числе с особенностями перебивания речи. Цель исследования — проанализировать феномен перебивания в разговоре мужчины и женщины на основе казахских подкастов. Объектом исследования являются проявления феномена перебивания речи мужчинами и женщинами в казахском языке. Материал исследования — записи подкастов на казахском языке, транскрибированные авторами. В ходе исследования произведен аналитический обзор результатов научных исследований, связанных с явлением перебивания речи в языкознании. Определены особенности перебивания речи в беседе: установлено, что мужчины перебивают чаще, чем женщины; доказано, что в перебивании проявляются доминирование и контроль мужчин над ходом речи; установлено, что мужчины и женщины преследуют разные цели при перебивании речи; также определена прямая связь между перебиванием в казахской речи с культурой нации.

*Ключевые слова:* язык и гендер, мужская речь, женская речь, перебивание речи, наложение, разговор, доминирование.

G.A. Sarseke, Zh.K. Sentirbek

### **The phenomenon of interruption in conversations between men and women: based on Kazakh podcasts**

In recent years, the topic of dominance in communication has been considered a pressing problem in sociolinguistic research since it is one of the main factors determining scenarios of speech behavior. Speech behavior in society is related to gender stereotypes; therefore, dominance in conversation also has a gender basis. This article addresses issues related to which gender dominates in a conversation, what methods are used to demonstrate dominance, and the peculiarities of interrupting. The purpose of the study is to analyse the phenomenon of interruption in conversations between men and women based on Kazakh podcasts. The object of

the study is the manifestation of the phenomenon of interruption by men and women in conversations in Kazakh. The research data was selected from the recordings of podcasts in Kazakh, transcribed by the authors. First, the study provides an analytical review of the results of research related to the phenomenon of interruption in linguistics. The features of interrupting in a conversation have been determined: men interrupt more often than women; interruption demonstrates men's dominance and control over the course of speech; men and women pursue different goals when interrupting.

*Keywords:* language and gender, male speech, female speech, interrupting, overlapping, conversation, dominance.

## References

- 1 Zimmerman, D., & West, C. (1975). *Sex Roles, Interruptions and Silences in Conversation*. New York: Newbury House.
- 2 Lakoff, R.T. (1995). *Cries and Whispers: The Shattering of the Silence*. New York: Routledge.
- 3 Eckert, P., & McConnell-Ginet, S. (2003). *Language and gender*. Cambridge: Cambridge University Press.
- 4 Beliaeva, A.Yu. (2002). Osobennosti rechevogo povedeniia muzhchin i zhenshchin (na materiale russkoi razgovornoj rechi) [Features of the speech behavior of men and women (based on the material of Russian colloquial speech)]. *Candidate's thesis*. Saratov [in Russian].
- 5 Groshev, I.V., & Shcherbak, A.A. (2008). Polovozrastnye i gendernye osobennosti protsessa obshcheniia: yavlenie perebivaniia v rechi sobesednika [Age and gender characteristics of the communication process: the phenomenon of interrupting in the interlocutor's speech]. *Vestnik Tambovskogo Gosudarstvennogo Universiteta. Seriya Gumanitarnye nauki — Tambov State University. Series Humanities*, 3 (59), 271–281 [in Russian].
- 6 Sacks, H., Schegloff, E.A., & Jefferson, G. (1974). A Simplest Systematics for the Organization of Turn-Taking for Conversation. *Language*, 50(4), 696–735.
- 7 Livingston, L.A., Flowers, Y.E., & Hodor, B.A. et al. (2000). The Experimental Analysis of Interruption During Conversation for Three Children Who Stutter. *Journal of Developmental and Physical Disabilities*, 12, 235–266. <https://doi.org/10.1023/A:1009465828258>
- 8 James, D., & Clarke, S. (1993). *Women, men, and interruptions: A critical review*. Oxford & New York: Oxford University Press.
- 9 Tannen, D. (1990). Gender differences in topical coherence: Creating involvement in best friends' talk. *Discourse Processes*, 13(1), 73–90. <https://doi.org/10.1080/01638539009544747>
- 10 Coates, J. (1991). *Women Talk: Conversation between Women Friends*. Chichester: Wiley-Blackwell.
- 11 Egides, A.P. (2006). *Psikhotekhnika sintonnoho obsheniia [Psychotechnics of syntonic communication]*. Moscow: AstPress [in Russian].
- 12 Beiseмбаева, G.Z., & Kalibasova, A.K. (2018). Genderlik lingvistikadagy emotsiiany aiqyndaityn leksika (agylshyn zhane qazaq tilderi negizinde) [Vocabulary defining emotions in gender linguistics]. *G.N. Gumilev atyndagy Eurazia Ultyq universitetinin khabarshysy. Filologia seriasy — Bulletin of G.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 4 (125), 42–49 [in Kazakh].
- 13 Momynova, B. (2016). *Qazaq ym-isharattary: soileu etiketi men qatysym madenietinde [Kazakh gestures: in the culture of speech etiquette and participation]*. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 14 Sacks, H. (1984). *Notes on Methodology*. New York: Cambridge University Press.
- 15 Dorofeeva, A.A. (2018). Podkasting: novoe radio v Internetе [Podcasting: a new radio on the Internet]. *Vek informatsii. Zhurnalistika XXI veka: v koordinatakh istoricheskogo vremeni: materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii foruma «Dni filosofii v Sankt-Peterburge–2017» — Information Age Journalism of the XXI Century: in the Coordinates of historical time. Papers for the Conference at the International scientific-cultural for um Philosophy Days in Saint Petersburg–2017*. Saint Petersburg: Sankt-Peterburgskii gosudarstvennyi universitet; Institut «Vysshiaia skola zhurnalistiki i massovykh kommunikatsii», 192–199 [in Russian].
- 16 Zhuravleva, A.A. (2020). Podkastingovoe veshchanie: struktura, zhanrovo-tematicheskoe raznoobrazie, osobennosti razvitiia v sotsialnoi seti VKontakte [Podcasting broadcasting: structure, genre and thematic diversity, features of development in the VKontakte social network]. *Znak: problemnoe pole mediaobrazovaniia — Sign: problem field of media education*, 1 (35), 112–119. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/podkastingovoe-veshanie-struktura-zhanrovo-tematicheskoe-raznoobrazie-osobennosti-razvitiya-v-sotsialnoy-seti-vkontakte> [in Russian].
- 17 Voinova, E.A., & Siviakova, E.V. (2018). Podkast kak novyi format publichnoi kommunikatsii v usloviakh tsifrovoy sredy [Podcast as a new format of public communication in a digital environment]. *Sotsialno-gumanitarnye znaniia — Social and humanitarian knowledge*, 12, 104–120. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/podkast-kak-novyy-format-publichnoy-kommunikatsii-v-usloviyah-tsifrovoy-mediasredy/viewer> [in Russian].
- 18 Groshev, I.V. (1998). Proiavlenie polovykh razlichii v obshchenii i sklonnosti perebivat sobesednika [The manifestation of sexual differences in communication and the tendency to interrupt the interlocutor]. *Vestnik Tambovskogo universiteta. Seriya Gumanitarnye nauki — Tambov University Review. Series Humanities*, 2, 26–33 [in Russian].

---

19 Itakura, H. (2001). Gender and conversational dominance in Japanese conversation. *Language in society*, 33, 223–248. DOI: 10.1017/S0047404504332033

#### Information about the authors

**Sarseke Gulnar Adebietkyzy** — Candidate (PhD) of philological sciences, Associate professor, Astana, Kazakhstan; e-mail: [sarseke\\_ga@enu.kz](mailto:sarseke_ga@enu.kz);

**Sentirbek Zhuldyzai Kuanyshebekkyzy** — Master's student, Astana, Kazakhstan; e-mail: [sentirbekj@mail.ru](mailto:sentirbekj@mail.ru).

Buketov University